



МҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ


№59-60
(2334-2335)
Сенбі
16 тамыз
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ



14 тамыз – Мемлекеттік кірістер органдарының құрылған күні. Осыған орай, аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаев сала қызметкерлерін қабылдап, құрмет көрсетті.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен мерекелік басқосуда Жалғас Оңғарұлы ауданымыздағы мемлекеттік кірістер басқармасының әрбір қызметкері аудан бюджетінің артуы жолында, мемлекеттік, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруда, аудан экономикасының дамуына зор үлес қосып келе жатқанын айтып, сала мамандарына шынайы алғысын жеткізді.

Мұнан соң ауданның дамуына өзіндік үлес қосып

жүрген Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкерлері мен бірқатар ауылдық округтердің салықшы мамандарын, сондай-ақ бірқатар сала ардагерлерін Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының «Құрмет» грамотасымен, аудан әкімінің «Алғыс хаттарымен» марапаттады.

Басқосуда аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш пен салық саласының ардагері Кемалбай Көпжасаров сөз сөйлеп, сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Салтанатты шара соңында аудан өнерпаздары әсем ән шырқап, мереке иелеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

АМАНАТ: МЕКТЕПТЕГІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАЛУЫ ТИІС



«АМАНАТ» партиясы Қазалы аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы Әйтеке би көнісінде күрделі жөндеуден өтіп жатқан Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебінің жай-күйімен танысты.

Бақылау жұмыстарына Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаты Әділбек Сарабеков, аудандық партия филиалының Атқарушы хатшысы, комиссия мүшесі Нұрғиса Жалғасбаев және

комиссия мүшесі, аудандық мәслихаттың депутаты Талғат Әліпбаев қатысты.

Жөндеу жұмыстары биыл сәуір айында басталған. Мердігер «Конструктив LTD» ЖШС тарапынан шатыр ауыстырылып, қасбет жаңартылған, электр желілері мен жарықтандыру жүйесі жаңаланған. Ішкі әрлеу және бірқатар бөлмелерде кафель төсеу жұмыстары орындалған.

Дегенмен, жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалса да, аяқталмаған

жұмыстар көлемі айтарлықтай. Атап айтқанда, есіктерді толық ауыстыру, ауыстырылғандардың жиегін әрлеу, линолиум төсеу, қабырғаларды бояу, сыртқы аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілмеген. Сонымен қатар, мектеп ауласындағы құрылыс қалдықтары шығарылмаған және кейбір сынып бөлмелерінде сыланған қабырғалардың беткі қабаты дұрыс тегістелмеген.

Партиялық бақылау комиссиясы нысандағы құрылыс қарқынының төмендігін және жұмыс күшінің жеткіліксіздігін атап өтті. Осыған байланысты мердігер ұйымға жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтау үшін қосымша жұмысшыларды тарту қажеттігін айтты. Сондай-ақ, сапа талаптарын қатаң сақтап, нысанды жаңа оқу жылы басталғанға дейін толық дайын күйінде тапсыру қажеттігін жеткізді.

ЖАСТАР - ЕЛ ЕРТЕҢІ

12 тамыз – Халықаралық жастар күні мерекесіне орай Қазалы мәдени-демалыс кешенінде «Жастар-ел ертеңі» атты мерекелік концерт өтті.

Мерекелік шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, жас буын өкілдерін мерекелерімен құттықтады.

- Бүгінде қоғамның әрбір саласында белсенді жастар жетерлік. Өзінің ауқымды жұмыстарымен, қарқынды қимылдарымен еліміздің дамуы мен гүлденуіне үлес қосып жүрген жастар біздің өңірімізде де жетіп артылады. Бүгінгі таңда аудан жастарының саны 23 532 болып, жалпы халық санының 29,7 пайызын құрап отыр. Жастар білімнің биігін бағындырып, әрісі шет елдерде, берісі өздерін жалпақ жұртқа көрсетіп жүр. Спортта да, мәдениет, білім сайыстарында да елді әлемге танытып жүргендердің де басым бөлігі жастар. Олардың әрқайсысы өз ортасының көшбасшысы. Әрбірінің қоғамда өзінің орны бар. Өресі биік, рухы мықты өңір жастарын мерекелемн шын жүректен құттықтаймын, - деген аудан әкімінің орынбасары аудандағы түрлі шараларда, қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен дараланып жүрген бірқатар жастарға аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаевтың «Алғыс хатын» табыстады.

Мұнан соң мерекелік шараға жиналған көпшілік өнерлі жастармен аудан өнерпаздарының мерекелік концертін тамашалады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Қазіргі таңда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық мәселесі мемлекет пен қоғам назарында ерекше орын алады. Жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке баруына әкелетін негізгі себептер – отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігі, ата-ананың бақылауының әлсіздігі, мектеп пен қоғам тарапынан назардың төмендігі, сонымен қатар, әлеуметтік ортадағы теріс ықпалдар болып табылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарында және жазғы демалыс кезінде прокуратура, ішкі істер органдары, білім бөлімдері және басқа да уәкілетті мекемелер бірлесіп профилактикалық іс-шаралар өткізуде. Мұндай шараларға құқықтық түсіндіру сабақтары, дөңгелек үстелдер, кездесулер мен пікірталастар жатады. Бұл жұмыс жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын

арттыруға, заңға құрметпен қарауға және өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған.

Сонымен қатар, ата-аналармен тығыз байланыс орнату маңызды. Әр отбасы баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, оның қызығушылықтарын дамытуға, спорт пен мәдениет үйірмелеріне қатысуына жағдай жасауы тиіс. Жасөспірімнің өмірінде сенімді орта мен

қолдау бар жерде, құқық бұзушылыққа бару қаупі азаяды.

Қоғам болып бірігіп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – болашағымызды қорғау деген сөз. Әрбіріміз бұл іске өз үлесімізді қосуымыз қажет, себебі бүгінгі жас – ертеңгі ел тірегі.

Қазалы аудандық прокуратурасы

●Хабарландыру**ҚАРЖЫ САЛАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ: ҚОҒАМ ҮШІН ҚАТЕР, ЕЛ ҮШІН КЕДЕРГІ**

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің экономикалық дамуына қауіп төндіретін, қоғамның сенімін әлсірететін әлеуметтік дерт. Әсіресе, қаржы саласында орын алатын жемқорлықтың салдары ауыр, ол мемлекеттік қаражаттың тиімсіз жұмсалыуына, бюджеттің ысырабына, инвестициялық климаттың нашарлауына әкеледі.

Қаржы саласындағы сыбайлас жемқорлықтың негізгі көріністеріне мыналар: мемлекеттік сатып алудағы заң бұзушылықтар, бюджет қаржысын мақсатсыз пайдалану, салық жүйесіндегі парақорлық, бақылау органдарындағы алаяқтық жатады.

Бұл жағдайлар бюджеттік тәртіпке нұқсан келтіріп қана қоймай, адал кәсіпкерлердің бәсекелестікке қабілетін төмендетеді, шетелдік инвесторлардың елге деген сенімін азайтады.

Сыбайлас жемқорлықты азайту үшін азаматтық белсенділікті арттыру керек. Әрбір азамат заңсыздықты көріп, үнсіз қалмай, тиісті органдарға хабарлауы тиіс. Сонымен қатар, цифрлық бақылауды күшейту арқылы адами факторлардың салдарынан болатын жемқорлықтың үлесін азайту ең тиімді жолдардың бірі.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жыл сайын күшейіп келеді. Жемқорлықпен күресте тек мемлекеттік органдарына ғана емес, қоғамдық ұйымдар, журналистер, қарапайым азаматтар да белсенді болуы тиіс. Мысалы, заңсыз шығындарды БАҚ арқылы жариялау, қоғам талқысына салу – ашықтықты арттырады. Сонымен қатар, әрбір азамат пара беру мен алуға «жоқ» деп айтуды үйренуі қажет.

Қаржы – елдің күре тамыры. Ол таза болса, мемлекеттің дамуы да тұрақты болады. Сондықтан қаржы саласындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек Үкіметтің емес, бүкіл қоғамның міндеті.

З.СЫДЫҚОВА,
Қазалы аудандық қазынашылық басқармасының бас қазынашысы

2025 жылғы тамыз айының 11 мен 22 аралығында Business.enbek.kz порталында «Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға» 2-лек бойынша өтінімдер қабылдау басталады.

Мемлекеттік грант 400 АЕК (1 572 800 теңге) құрайды және нысаналы мақсаты жаңа бизнесті іске қосу және дамыту болып табылатын өтеусіз негізде тек бір рет қана беріледі.

Гранттар қаражаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Грантқа қатысуға өтінім беруге үміткерлер:

- атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- Көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы / зайыбы);
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушылар;

- қоныс аударушылар;
- қандастар;
- еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар;
- мүгедектігі бар бала (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар және (немесе) оның жұбайы (зайыбы).

Егер де аталған санаттың бірі болған жағдай да:

- Жұмыссыз немесе 3 жылға дейінгі жеке кәсіпкер болуы шарт.
- «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқу курсы аяқтау;
- порталда тіркелу;
- грант алу шарттарына сәйкестігін тексеруден өту;
- бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға жүктеу;
- өтініш формасын толтырып, ЭЦҚ кілтімен қол қою керек.

Грантты: қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, малдарды, жануарларды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеуге алуға болады.

Гранттар: тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

Қазалы ауданының Мансап орталығы

●Хабарландыру

2025 жылдың 21 тамыз күні сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі. Комиссия отырысының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1.Білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы туралы.

2.Мал ауруларын алдын алуға байланысты республикалық, облыстық бюджеттен бөлінген қаржылардың игерілуі туралы.

Сонымен қатар, сағат 16:30-да аудандық

мәслихаттың кезекті XXXXII сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1.Қазалы ауданы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерін орындауы жөніндегі есебі.

2 . А у д а н д ы қ мәслихаттың «Экономика, қаржы, бюджет, кәсіпкерлік және құрылыс» жөніндегі тұрақты комиссия есебі.

3.Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бекіту туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ

Жазғы жел, аптап ыстық кезінде өрт қаупі арта түседі. Кішкене ғана ұшқын, сөндірілмеген күл-қоқыс, шылым қалдығы, кез келген жерде от немесе шырпы жағып, шылым тұтату орны толмас опық жегізуі мүмкін. Тазалық жұмыстар кезінде күл-қоқысты өртегенде өте сақ болу керек. Оны күн тымық кезде, тұрғын үй құрылысынан қашық жерде өртеп, күлі сөнгенше қадағалап қасында тұру керек. Қайсыбіреулеріміз соны біле тұра көңіл бөлмейміз. Тұрғындар аулаларынан шыққан күл-қоқыс, шөп қалдықтарын тазалау кезінде жоғарыда көрсетілген ережелерді сақтаулары керек.

Өрт шығу салдарына кішкентай балалардың шырпымен ойнауы, ата-аналар тарапынан қадағалаудың жоқтығы да себеп болады, яғни, ауа-райының ыстық кезінде кішкентай балаларға көп көңіл бөліп, олардың шырпы, отпен ойнауына жол бермеу керек, себебі, оның арты өртке айналып, орны толмас өкінішке душар етеді.

Күн жылынып аяқ асты кеңіп шаруа қожалықтары мен қосалқы шаруашылықтарда жемшөп

дайындау уақытыда таяп келеді,

Жаздың «Қара тастан май тамызған» ыстық күнінде кішкене ғана ұшқынның өзі орны толмас опық жегізуі мүмкін. Далада, егін басында болатын өрт көбіне сонда еңбек ететін адамдардың кінәсінен болады. Шылым тартқанда, от жаққанда сақтық жасамау, комбайнның, трактордың, автомашинаның түтін шығатын трубасынан құрғақ шөпке от ұшқыны түсіру, міне, далада шығатын өрттерге себеп осылар болып табылады. Өрт адамдардың маңдай терімен, еңбегімен, қолымен өндірілген байлықты жоқ етіп кетпесін десек, онымен алдын-ала күресу керек.

Сондықтан шаруа қожалықтары трактор, машиналарын дайындау кезінде, шөп орағы кезінде әрбір шаруашылық басшылары мен шаруа қожалықтарының жетекшілері, механизаторлары мен жұмысшылары төмендегідей өрттен сақтану шараларын қатаң орындап отыру міндетім деп түсінуі керек.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ-БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Әр жылдың тамыз айының үшінші жексенбісінде елімізде спорт күні аталып өтеді. Салауатты ұлт-мықты мемлекет кепілі. Спорт ұлт денсаулығының негізі. Қазіргі таңда елімізде барлық өңірлерде спорт нысандары салынып, бұқаралық спорт түрлеріне қолжетімділік артып келеді. Қазалы ауданында да спорт саласы қарқынды дамуда. Жергілікті спортшылар республикалық және халықаралық дода-ларда жеңіс тұғырынан көрініп, аудан абыройын асқақтатуда. Ауданымыздағы спорт мектептері мен үйірмелер түрлі бағытта жұмыс істеп, балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығын арттыруда. Спорт мерекесі қарсаңында біз Қазалы ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Орысбек Жәмшейтовпен сұхбаттасқан болатынбыз.

-Орысбек Қаниұлы, алдымен Қазалы ауданындағы спорт саласының дамуы жайлы айтсаңыз.

спортпен жүйелі түрде айналысуына үлкен мүмкіндік береді. 2024 жылы «Әмір Арена» атты заманауи спорт кешені ашылып, футбол, волейбол, баскетбол, гандбол және күреске арналған залдармен қамтамасыз етілді. Аудандық деңгейде ұлттық спорт түрлері –тоғызқұмалақ, көкпар, аламан бөйге, асық ату сияқты салауатты және мәдени туризмге бағытталған шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

- Қазалы ауданындағы спортшылардың жетістіктері қандай?

-2025 жылдың қаңтар-шілде айларында аудан аумағында халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық 76 бұқаралық спорттық іс-шаралары өткізіліп, оған 2000-ға жуық адам қатысты. 5 республикалық турнир, 23 облыстық турнир және 48 аудандық турнирлер мен жарыстар өткізілді.

2025 жылдың 6 айында Қазалы ауданының спортшылары жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Азия Чемпионаттарында

түрлерінен Қазақстан Республикасының чемпионаттарында 9 алтын, 12 күміс, 16 қола медаль иеленді.

Әбдіхалымов Шыңғысхан грек-рим күресінен жастар арасындағы ҚР чемпионатының жеңімпазы атанып «Спорт шебері» атанса, Үржанов Еркебұлан мен Орынбай Асылхан грек-рим күресінен ҚР чемпионатының қола жүлдегерлері атанып, спорт шеберіне үміткер нормативін орындады. Көпжан Бану қол добынан 2008-2009 жылдары туылған жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатының жеңімпазы атанды. Атырау қаласында ауыр атлетикадан 2011 жылғы және одан кіші жасөспірім ұлдар мен жасөспірім қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының жеке командалық чемпионатында Төребаева Фатима 1 орын, Қарасай Нұрислам, Қарасай Ай-дана, Алексеев Мейрамбек 2 орынды иеленді. Волейболдан облыс құрама командасының ойыншысы Мейрам Әлішер ҚР чемпионатында 3 орынға ие болды. Тараз қаласында қол күрестен жасөспірімдер және жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында Қашмұрат Дәурен чемпион атанса, Кеңес Наурызбек 3 орын иеленді.

Аударыспақтан Тараз қаласында өткен 14-ші ҚР чемпионатында Бегімов Мұхаммед 3 орынды иеленсе, тоғызқұмалақтан әйелдер арасындағы ҚР жекелей чемпионатында Махамбетамин Ұлдана 2 орынды иеленді. Ал, Моңғолия елінің Өлгей қаласында тоғызқұмалақтан өткен Халықаралық турнирде Асқарқызы Көркем 2 орын иеленді.

Қазақ күресінен Өскемен қаласында өткен жасөспірімдер арасында ҚР чемпионатында Алтынбек Айдос 1 орын иеленіп, Панкратионнан Қызылорда қаласында өткен ҚР чемпионатында Оңдасын Бақмұхаммед 1 орынды алды. Атырау қаласында ауыр атлетикадан 2011 жылғы және одан кіші жасөспірім ұлдар



мен жасөспірім қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының жеке командалық чемпионатында Балтабекұлы Жансерік 2 орын иеленіп, спорт шебері атағын орындаса, Бекболат Нұрбол 3 орын иеленді.

Мұндай жеңістер біздің спортшыларымыздың әлеуеті зор екенін дәлелдейді.

-Спорт саласында балалар балалар мен жасөспірімдерге қандай жағдай жасалған?

- Аудан бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде бүгінде 800-ге жуық спортшы балалар тәрбиеленуде. Олар қазіргі таңда 10-нан астам спорт түрімен шұғылданады. Жаттықтырушылардың біліктілігі жыл сайын артып келеді. Біз оларды республикалық семинарлар мен оқу –жаттығу жиындарына жіберіп отырамыз. Сондай-ақ, дарынды балаларды облыстық және республикалық спорт мектептеріне жолдаймыз.

Сонымен қатар, қазіргі кезде әйелдер спортына да қыз-келіншектердің қызығушылығы артауда. Волейбол, жеңіл атлетика, үстел теннисі және фитнес бағыттары ерекше сұранысқа ие. Қыздарымыз облыс және республика чемпионаттарында жақсы нәтижелер көрсетуде.

- Туризм –аймақтың экономикалық және

мәдени дамуының кепілі. Соңғы жылдары спорттық туризм ұғымы жиі айтыла бастады. Қазалы ауданында спорт пен туризмнің байланысын қалай бағалар едіңіз?

- Спорт пен туризм бір-бірімен тығыз байланысты және бірін –бірі толықтыратын екі сала. Екеуінің өзара ықпалы қоғамның салауатты өмір салтын қалыптастыруда, аймақтардың экономикалық және мәдени дамуын арттыруда маңызды рөл атқарады.

- Біріншіден, спорттық туризм-бұл туризм саласының белсенді түрі, ол адамның физикалық шынығып, шындалуын арттырумен қатар, жаңа жерлерді көру және мәдени тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

- Екіншіден ірі спорттық жарыстар туризмді дамытуда үлкен рөл атқарады. Халықаралық немесе республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысу немесе көру үшін басқа шет елдерден туристер келеді. Бұл қонақ үйлер мен мейрамханалардың, көлік қызметінің және мәдени орындардың жұмысына серпін береді.

- Қазалы ауданына келер болсақ, спорт пен туризмнің байланысын жоғары бағалауға болады. Өйткені бұл екі сала ауданның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына бірдей үлес қосып отыр.



-Соңғы жылдары ауданымызда спорт инфрақұрылымы айтарлықтай дамып келеді. Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында, сондай-ақ «Жеңіс» саябағында заманауи спорт кешендері бой көтеруде. Сонымен қатар, аудан бойынша 56 жасанды алаң бар. Оның ішінде, 23 жасанды алаң Әйтеке би кентінде, 4 жасанды алаң Қазалы қаласында, 23 жасанды алаң ауылдық округтерде орналасқан. Аудандық білім беру ұйымдарында 40 спорт залы бар. Бұл нысандар тұрғындардың

1 алтын, 2 күміс, 1 қола иеленді. Атап айтқанда, Толыбай Зарина Шри-Ланка елінің Коломбо қаласында бокстан өткен Азия Чемпионатында 75 келі салмақта чемпион атанса, Болат Ақбота 48 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлдені иеленді. Бішкек қаласында өткен бір көтеруден Азия чемпионатында спортшымыз Булекбаев Мейрамбек күміс және қола медальдарын қанжығасына байлады.

Халықаралық турнирлерде 3 күміс, 2 қола медальдарын иеленсе, әр спорт



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ-БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

- Қазалы ауданы – тарихы терең, табиғаты көркем, бүгінде спорт пен туризмнің үйлесімді дамуына жол ашқан аймақ. Соңғы жылдары ауданның спорттық инфрақұрылымы жаңарып, ұлттық спорт түрлері кеңінен насихатталуда. Бұл тек халықтың салауатты өмір салтын ұстануына ғана емес, туризмнің де жаңа қарқын алуына ықпал етуде.

Қазалыдағы спорттық инфрақұрылымның қарқынды дамуы ауданның туристік тартымдылығын арттырып отыр. Заманауи «Әмір Арена» спорт кешені, «Жеңіс» саябағындағы спорт алаңдары, ауылдық округтерде бой көтерген көпфункционалды спорт кешендері – түрлі деңгейдегі жарыстар өткізуге қолайлы жағдай жасауда. Мұндай іс-шаралар ауданға өзге өңірлерден спортшылар мен жанкүйерлерді тартып, ішкі туризмнің дамуына серпін беруде.

Сонымен қатар, Қазалы ұлттық спорт түрлерін сақтауға және дәріптеуге ерекше мән береді. Көкпар, аламан бәйге, тоғызқұмалақ сияқты жарыстар жыл сайын ұйымдастырылып, көрші аудандар мен облыстардан келген қонақтарға ауданымыздың мәдениетін таныстырады.



Бұл – мәдени туризмнің дамуына және ауданның имиджінің нығаюына себеп болып отыр.

Табиғи және тарихи орындар да спорттық туризмнің ажырамас бөлігіне айналған. Аудан халқының спортқа деген қызығушылығы жылдан-жылға артып келеді. 2024 жылы дене шынықтырумен айналысушылар үлесі 40%-ға жуықтап, жыл басынан бері ондаған республикалық және облыстық жарыстар ұйымдастырылды. Бұл көрсеткіш – Қазалының спорт пен туризмді ұштастырудағы әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейді. Қазалы ауданында спорт пен туризм өзара тығыз байланыста дамып, аймақтың

әлеуметтік және мәдени өміріне тың серпін беріп отыр. Дұрыс бағытта дамытылған жағдайда, Қазалы өңірдегі спорттық туризмнің жетекші орталықтарының біріне айналуы әбден мүмкін.

Сондай-ақ, ауданымыздағы республикалық дәрежедегі нысандардың бірі – «Жанкент» қалашығы. Жалпы Жанкент қалашығының қорғау аймағы белгіленіп, QR-код тақтайшасы қойылған. Қалашықтың жанына тарихи кезеңдер бейнеленген «JANKENT» стеласы және ашық аспан астындағы мұражайдың алғышарты консервацияланған бір бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің тұрмыс-салт

дәстүрінен хабар беретін, тарихи мүсіндер қойылып, туристер үшін қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі қалпын көруге мүмкіндіктер жасалған.

«Жанкент» қалашығына туристерді тарту бағытындағы жұмыстарды жандандыру және насихаттау бойынша аудан әкімінің орынбасарымен бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес тиісті шаралар атқарылуда. Фейсбук әлеуметтік желісінде «Жанкент қалашығы» атауымен парақша ашылып, қалашық туралы мәліметтер жариялануда. Қазақстандағы танымал блогер, журналист және өзінің шығармашылық қызметінде ұлттық мәдениет, тарих бағытындағы насихаттау-

шы Алия Ашим инстаграм парақшасында «Жанкент» қаласы туралы арнайы бейнеролигін жариялап, 229 мың қаралым жиналған. Ағымдағы жылдың сәуір айында Алматы қаласында өткен «Туризм және саяхат» Халықаралық көрмесіне арнайы «Жанкент» қалашығы туралы 100 дана таратпа материалдары дайындалып, көрмеге ұсынылды. Таратпа материалда қалашық туралы түсірілген бейнероликті көруге арналған QR-коды орналастырылды. Бұл ақпараттандыру жұмыстары да ауданның туристік әлеуетін көтеру болып табылады.

Бұл ақпараттандыру жұмыстары және ауданның туристік әлеуетін көтеру, бекітілген негізі көрсеткіштердің толық орындауға жүйелі жұмыстар одан әрі жалғастырылатын болады.

-Сұхбатыңызға рахмет! Алдағы уақытта да Қазалы спортшылары сенімді дайындық пен үздіксіз еңбектің арқасында үлкен жетістіктерге жететініне сеніміміз мол!

**Әңгімелескен
Ұлпан
ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**

ҚЫЗЫЛША АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Қызылша-бұл вирус тудыратын, ауа тамшылары арқылы берілетін жедел жұқпалы ауру. Көптеген ғасырлар бойы өлім-жітімнің жоғары болуына байланысты қызылша балалар арасында ең қауіпті аурулардың бірі болып саналды. Егер бұрын қызылша балалар инфекциясы болса, бүгінде онымен ересектер де ауырып, инфекция барлық жастағы адамдарды да қамту. Қазіргі кезде ересектердің үлесіне жаңадан анықталған науқастардың 40% келеді. Соңғы онжылдықта рдәлемде қызылша ауруы осы инфекцияға қарсы вакцинацияның арқасында жүздеген есе төмендеді. Алайда, бұл тез таралатын инфекция барлық жерде тіркелуде. Инфекция науқаспен байланыста болған кез-

де (сөйлесу, түшкіру, жөтелу кезінде) бұрын қызылшамен егілмеген және ауырмаған адам 100 % дерлік жұқтыруы мүмкін. Қызылшаның қоздырғышы - вирус өте құбылмалы: адам қызылшаны науқаспен тікелей байланыста болмай, онымен үйде болу арқылы жұқтыруға болады.

Инкубациялық кезең 7-ден 17 күнге дейін созылады. Науқас инкубациялық кезеңнің соңғы екі күнінде, катаральды кезеңде (3-4 күн) және бөртпелердің 4-ші күніне дейін, яғни 9 күн ішінде айналасындағы адамдарға жұқпалы болады. Катаральды кезеңде қызылшаның бастапқы белгілері респираторлық инфекция түрінде байқалады, яғни дене қызуының 38, 0 0 - 39, 0 С, кей жағдайда 40, 0 С-қа

дейін көтеріліп, бас ауырады, жөтел, мұрыннан су ағып, тамақ ауырады. Ұйқышылдық пен тез шаршау, әлсіздік пайда болады. Бұл белгілерден соң науқаста қызылшаның негізгі симптомдары-тістердің түбінде аузында айналасы қызарған ерекше бөртпелер пайда болады. Осы бөртпелерге қарап ауруды ерте диагностикалауға және науқасты уақытылы оқшаулап, дер кезінде емін беруге болады. Бөртпелер бастапқыда құлақтың артында және шаштың өсу аймағында бас терісінде пайда болады, одан кейін дененің төменгі бөлігіне және аяққа дейін бүкіл денеге тарайды. Ұсақ қызғылт бөртпелер тез арада үлкейіп, формасын өзгертіп, бір-біріне қосылып кетеді. 3-4 күннен соң бөртпелер

қайтып, орнында қоңыр дақтар қалады, олар екі аптадан кейін кетіп, тері қайта тазарады.

Егер сіз немесе сіздің балаңызда жоғарыда аталған ауру белгілерін байқасаңыз тез арада үйге аймақтық дәрігерді немесе жедел жәрдем қызметін шақыртыңыз. Емханаға өз бетіңізше бармаңыз, өйткені қызылша ауруын басқа адамдарға жұқтыруыңыз мүмкін. Жөтелгенде, түшкіргенде бетперде киіңіз, қолыңызды сабындап жуып, антисептик қолданыңыз!

Құрметті ата-аналар, өзіңізді және балаларыңызды қызылша ауруынан сақтаудың тиімді жолы-осы жұқпаға қарсы ектіру екенін айта келіп, алғашқы қызылшаға қарсы егу 12 айлықта, қайталап егу 6 жаста жүргізілетінін естеріңізге саламыз.

Сондай-ақ қызылшамен бұрын ауырмаған немесе вакцинацияланбаған науқаспен байланыста болған 30 жасқа дейінгі адамдарға да эпидемиологиялық көрсеткішке сәйкес қызылшаға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Егілген балалар аталған індетпен сирек ауырады әрі жұқтырған күннің өзінде жеңіл түрде өтеді. Керісінше, егілмеген балалар арасында көкжөтел ауруын жұқтыру көрсеткіші жоғары. Сондай-ақ, олардың ауруы да созылып, ұзақ уақыт емдеуді қажет етеді. Мұндайға жол бермес үшін уақытында екпе алу керек.

**С.ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының
бас маманы**

2025 ЖЫЛҒЫ 28 ҚЫРКҮЙЕККЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ БОЙЫНША АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14, 17-бабының 2-тармағына және 22-бабының 2-тармағына сәйкес Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері туралы хабарлайды.

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі, №60, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданының білім бөлімі» КММ ғимараты. Телефоны: 8(72438) 22-1-27, 21-3-01, эл-пошта: tic_kzl_kaz@saylau.kz

Төраға – Аманбай Нұрлан Аманкелдіұлы

Төрағаның орынбасары – Иманбаев Кази Кенесбаевич

Хатшы – Әбубәкір Мұратбай Қожамұратұлы

Комиссия мүшелері: Жанбыршиева Хадиша Жамиевна, Токбаев Ербол Бауыржанович, Тулегенов Ержан Боханбаевич, Тынымбаева Газиза Сырлыбаевна.

№56 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі №1, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Оқушылар Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты. Телефоны: 8(72438)23-8-18

Төраға – Тәңірберген Мәди Сабырұлы

Төраға орынбасары – Сматуллаев Галым Зияуевич

Хатшы – Шашакова Алия Асылбековна

Комиссия мүшелері – Дерби-салиев Темирхан, Ораз Қайрат Кемалұлы, Матығұл Ақнұр Миранбекұлы, Аташева Айнура Сагиткановна, Жанпейсов Куаныш Сейткулович, Жиенқұлов Қуаныш Әбдікәрімұлы.

№57 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Владимир Счастнов көшесі №17, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8(72438)22-6-34.

Төраға – Шермаханов Түрбай Айдарбекович

Төраға орынбасары – Иманғалиев Тастайбек

Хатшы – Турумбетов Айбек Кенесович

Комиссия мүшелері – Арзахметова Лиля Базарбековна, Нұрбаева Салтанат Қойтанбайқызы, Айғара Жанаман, Арықбай Адай Берікұлы, Сенбаева Лида Сериковна, Нұрқаш Мейрамбек Шүменұлы.

№58 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті,

Желтоқсан көшесі №20, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№266 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8(72438)26-0-38.

Төраға – Утепбергенов Ерлан Амирханович

Төраға орынбасары – Кайпов Нұрлан Бисеналиевич

Хатшы – Дарменкулова Кулаш Ерболатовна

Комиссия мүшелері – Жусупов Гамзат Бахытжанович, Есмамбетов Ербол Турлыбекович, Садуакасова Кымбат Умирбековна, Аймулов Султанбек Тулегенович, Ертуған Бауыржан Аңғысынұлы, Шүленбай Мұхтар Қуанышұлы.

№59 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Достық көшесі №66-А, Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы гуманитарлық техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимараты. Телефоны: 8(72438)27-2-32.

Төраға – Танжариков Мурат Тұрсынбекович

Төраға орынбасары – Кулмуратов Тауиржан Задашович

Хатшы – Асқар Назерке Асқарқызы

Комиссия мүшелері – Омарова Майра Файзоллақызы, Телеуов Галымжан Мухтарович, Мырзағали Фариза Амангелдіқызы, Әбсатова Алма Тұрсынбекқызы, Досанов Нұрсултан Едигеевич, Жарекенов Жарас Абилкасымович.

№60 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №128, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ержігіт Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8(72438)27-6-14, 8(72438)27-8-15.

Төраға – Танирберген Батырбек Адилбекович

Төраға орынбасары – Беринбаев Гани Жаппасбаевич

Хатшы – Мәліков Қуаныш Мінәжұлы

Комиссия мүшелері – Молдабай Ерлан Молдабайұлы, Алдабергенова Айнагул Тенелбаевна, Кушеровна Гульзат Жаниязовна, Жумахметова Рая Куптлеуовна, Ескермесов Еркін Жубанышович, Бозғұлбаева Мариямкүл Саламатқызы.

№61 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №92, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8(72438)21-4-04.

Төраға – Сматуллаева Эльмира Айтжанқызы

Төраға орынбасары – Бекетов

Бектас Сахитжанович

Хатшы – Бурашев Султан Ергалиевич

Комиссия мүшелері – Бега-лиев Нұрлан Сагидуллаевич, Тұрман Үрістем Темірұлы, Муратбаева Шаттық Сабитовна, Сарымбетов Серик, Жылқайдар Анар Аманкелдіқызы, Нағашыбай Берік Нұрланұлы.

№62 учаскелік сайлау комиссиясы

